

Ленин

Шығуына
26-шы жыл
№ 234
(6935)
1944 жыл
Сенбі
25 ноябрь
Жеке саны
20-тыйын

КК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және КК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Мал өсірушілердің айбынды міндеті

Ұлы отан соғысы мал шаруашылығы қызметкерлерінің алдына күрделі міндеттер қойды. Ол—мал басын анағұрлым көбейту, түлікті мәпелеп бағып, шығынсыз өсіру, сөйтіп одан өнетін алуан түрлі әнімді арттыра беру, майдан мен елімізді мал шаруашылығы өнімімен ойдағыдай қабдықтау болып табылады. Бұл айбынды міндетті орындау жолында мал шаруашылығы қызметкерлері іскерлік көрсете білді. Олар соғыс уақытының сынынан мүдірмей өтті.

Сталин жолдастың тарихи баяндамасы және бұйрығымен, айбынды әскерлеріміздің даңқты жеңістерімен жігерленген мал шаруашылығы қызметкерлері жауды бір-жолата құртып, Берлин үстінде жеңіс туын тігу күнін тездету үшін жаңа ерлік істер істеуге серт берді. Бұл сертті зброй мен орындау—өздерінің отан мен майдан алдындағы ардақты борышы екенін, мал өсірушілер жақсы біледі. Міне сөздіктен да олар мал шаруашылығын барған сайын өркендету ісіне өздерінің күш-қайратын, іскерлік қаблеті мен шеберлігін жұмсауда.

Қазір мал өсірушілердің, барлық колхозшы шаруалардың алдында аса күрделі міндет тұр. Ол —мал қыстатуды үлгілі өткізу. Мал қыстату маусымын мол әзірлікпен өткізу—мал басын көбейтудің шешуші шарты. Әрбір колхоздың, совхоздың, жеке ферманың, мал өсіруші қызметкерлердің майдан алдында істеген еңбегі, іскерлік қаблеті мал қыстатудың қалай өткізілгендігіне қарай бағаланады.

Қыс түсті. Түлік қолға қарады. Осымен байланысты, мал өсіруші колхозшылардың алдына аса жауапты міндет қойылды. Мал шаруашылығына ерекше көңіл бөлу, шаруашылықтың бұл саласында колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының жан-қиярлықпен еңбек істеуі нәтижесінде облысымыздың көптеген колхоздары мал қыстатуға үлгілі әзірленді. Құнарлы азық қоры жасалып, қыстаулар ұқыпты жөнделді. Мал фермалары қолынан іс келетін тәжірибелі қызметкерлермен толықтырылды. Мамлют ауданының колхоздары мал қыстатуға айтарлықтай әзірлікпен кірісіп отыр. Мұнда азық қоры едәуір артығымен жасалды. Мал қоралары толық жөнделді. Булаев ауданындағы «Комсомол», Преснов ауданындағы «1 май», «Баян» колхоздары да малға жылы қора, құнарлы азық дайындады. Жазғы маусымда түлік шұрайлы жерге жайылып, қоны арттырылды. Бұл сыяқты мысалдар көптеп саналады.

Алайда, мал басын өсіру, қысқы маусымға дайындалу жұмысында олқылық жоқ емес. Жақын арада облыстың колхоз, совхоздарында мал қыстатуға әзірліктің жайы тексерілді. Бұл тексерісте мал шаруашылығы мәселесіне тиісті көңіл бөлінген жерде істің нәтижелі болғандығы, мал қораларының толық жөнделіп, пішеннің тең жартысынан көбі қыстау басына тасылып үйілгендігі айқындалды. Сонымен қатар,

мал шаруашылығына немкетті қараушылық етек алған колхоздарда істің жайының мүлде нашар екендігі ашылды.

Совет ауданындағы «Новый быт» колхозында өткен қыста мал азығы тапшы болды. Осының салдарынан мал көтеремге айналып, бірсыпыра түлік шығынға ұшыраған болатын. Бірақ колхоз басшылары бұдан тиісті қорытынды жасай алмады. Мұнда небары 800 центнер пішен маяланған. Ал қалған пішен әлі күнге шөмеледе, атжалда жатыр. «Совет» колхозында мал азығы жеткіліксіз. Шабылған пішеннің 30 проценті жыйналмай қар астында жатыр. Мал азығының тек 17 проценті ғана қыстауға тасылған. Мал қыстатуға әзірліктегі бұл сыяқты елеулі кемшіліктер колхоз басшылары мен кейбір мал өсірушілердің өздерінің отан мен майдан алдындағы жауапкершілігін жете ұғынбауынан болып отыр.

Бұл сыяқты кемшіліктерге төзуге болмайды. Мал шаруашылығын қысқы маусымда қиын жағдайға ұшыратудан сақтану үшін, мемлекеттік тексерісте айқындалған кемшіліктерді дереу жою керек. Мал қораларына пішен тасу ісі үздіксіз жүргізілетін болсын. Жетпейтін пішен қорын сабанның есебінен толықтыру қажат.

Малды суатпен қамтамасыз ету—негізгі жұмыстың бірі. Сондықтан суат әзірлеу ісіне жете көңіл бөлінуге тиіс. Мал шаруашылығын өркендету, оның өнімін арттыру міндетінің мүлтіксіз орындалуы мал өсіруші қызметкерлерге байланысты. Сондықтан фермалар тәжірибелі, қолынан іс келетін қызметкерлермен толықтырылуы керек. Мұнымен қатар, олардың мал өсірудегі мамандығы мен мал дәрігерлік тәжірибесін арттыру мәселесіне ерекше назар аударылуы тиіс. Бұл үшін әрбір колхозда мал дәрігерлік және зоотехникалық үйірмелер ұйымдастырылуы шарт. Бұл үйірмелердің тек қағаз жүзінде ұйымдастырылмай, олардың жұмысының нәтижелі болуына жетісу керек. Мал өсіруші қызметкерлер арасында көпшілік-саясат ісінің шын мәнінде жүргізілуіне, олардың ағымдағы саясат пен халықаралық жағдайды күнбе-күн біліп отыруына жергілікті партия, комсомол ұйымдары жете көңіл бөлуге тиіс.

Ертең мал шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық мәслихаты ашылады. Бұл мәслихатта мал қыстатуға әзірліктің қорытындысы және оны өткізудегі міндеттер жөнінде мәселе талқыланады. Таңдаулы мал өсірушілер тәжірибесін ортаға салып, міндеттемелер алғалы отыр. Мәслихатқа қатысушы мал өсірушілер аса маңызды мәселені талқыға салып, бұл міндетті аброймен орындап шығудың нақтылы шараларын белгілемек. Бұл шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуы үшін мал өсірушілер күш-жігер жұмсауға тиіс.

Еңбек майданында жанқиярлық еңбек істеу, мал қыстатуды үлгілі өткізу, сөйтіп мал шаруашылығының бұрынғыдан да өркендей беруін қамтамасыз ету—әрбір мал өсірушінің айбынды міндеті.

И. В. Сталин жолдас И. Шубашич мырзамен әңгімелесті

22 ноябрьде ССРО Халық Комиссарлары Советінің Председателі И. В. Сталин Югославияның бас-министрі және сыртқы істер министрі И. Шубашич мырзаны қабылдады.

Қабылдауда ССРО Сыртқы Істер Ха-

лық Комиссары В. М. Молотов, Югославияның Ұлт азаттығы комитеті председателінің орынбасары Эд. Кардель мырза және Югославияның ССРОдағы елшісі С. Симич болды.

Совет Хабаршы бюросынан

23 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕГІ

23 ноябрьде САРЕМА (ЭЗЕЛЬ) аралында әскерлеріміз аралдың оңтүстік жақ шетінде қоршауға алынған дұшпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізуде болды, сөйтіп ТЮРЬЕ, ИДЕ және МЯЕБЕ күшті тіректі қорғану бекіністерін алды.

Қызылтулы Балтық флотының кемелері 20 ноябрьде САРЕМА (ЭЗЕЛЬ) аралының оңтүстік жақ шетінде дұшпанның бір миноносесін суға батырды. Флот авиациясы Балтық теңізінде дұшпанның 4000 тонналық транспортын суға батырды.

Чехословакияда, ЧОПТЫҢ солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді, бұл ұрыстардың барысында ЧЕПЕЛЬ қаласын алды, сол сыяқты 30дан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде СОБРАНЦЕ, БУНКОВЦЕ, ПАВЛОВЦЕ, КАПУШАНЫ, ЧИЧАРОВЦЕ, НАРАД, СУРМЫ үлкен қыстақтары мен БАТФА, ЧИЧАРОВЦЕ темір жол станцияларын алды. Әскерлеріміз қолдан-қолға көшкен ЧОП қаласы мен темір жол станциясын қайтадан алды. ЧОПТЫҢ солтүстік және солтүстік-батыс жағында болған ұрыстардың барысында әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 3000 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Венгрияда әскерлеріміз ТОКАЙ, ТАРЦАЛ қыстақтары мен темір жол станцияларын ұрыспен алды.

21 және 22 ноябрьдегі ұрыстарда Венгрия жерінде әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 2550 солдатты мен офицерін қолға түсірді. Сонымен ноябрьдің 8нен 22сө дейін Венгрия жерінде әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 14470 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

22 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 10 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 18 самолеті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ЛЕПАЯ (ЛИБАВА) ПОРТЫНА ЕСЕЛЕП ШАБУЫЛ ЖАСАУЫ

23 ноябрьге қараған түнде алысқа ұшатын авиациямыз Лепая (Либав) портына еселеп шабуыл жасады. Бомбалау нәтижесінде портта көптеген өрттер шықты, өрттермен қоса взрывтар болды. Әсересе соғыс портының солтүстік бөлегінде, жаңа

портта және складтар ауданында үлкен өрттер шықты. Сол сыяқты, сапарға шығуға әзір тұрған неміс транспорттары арасында да бомбалардың жарылғандығы байқалды.

* * *

Сарема (Эзель) аралында совет бөлімдері қауырт шабуыл жасау нәтижесінде немістерді бірнеше тіректі бекіністерден қуып шығарды. Урыс даласында жаудың 200ден аса өлгі қалды. Әскерлеріміз дұшпанды тықсыра отырып, оның адам күші мен техникасын жоюда. Бірнеше күнгі ұрыстарда бөлімдеріміз немістерден 50 зеңбіректі, 70 пулеметті және 55 мың снаряд пен минаны қолға түсірді.

* * *

Чехословакияда Чоп қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді. Немістер өздерінің қорғану шебінің түпкірінде совет бөлімдерінің алға басуын тоқтатуға тырысты. Олар бұл учаскеде алдын-ала күшті бекіністі қарсыласу тораптарын жасаған болатын. Майданға жапсарлас жердегі селолардың тас үйлерін гитлершілдер атыс бекіністеріне айналдырды. Үйлердің астыңғы қабаттарында зеңбіректер орнатылды, ал үйлердің төбелеріне пулеметтер қойылған. Дұшпанның қорғану шебі талқандалғаннан кейін жағалаудағы отрядтарымыз алға басып, жаудың қорғану шебінің ту сыртына өтті, сөйтіп оларды қоршап алды. Совет жауынгерлері немістерге барлық жақтан шабуыл жасады, сөйтіп қатты ұрыстан кейін оларды қару тастап, қолға берілуге мәжбүр етті. Әскерлеріміз табысты дамыта отырып, 15 километр алға басты, сөйтіп Чепель қаласын, сол сыяқты 30дан аса басқа елді жерлерді алды. Ұрыстардың барысында жаудан көп олжа, оның ішінде 64 зеңбірек, 240 пулемет және 120 темір жол вагоны қолға түсірілді.

Авиациямыз жер бетіндегі әскерлеріміздің қиймыл жасауына белсене көмектесті. Совет ұшқыштары дұшпанның бірсыпыра артиллерия және миномет батареяларын, 60 шақты автомашинасын жойып, жаудың оқ-дәрі қойған ірі складын талқандады.

* * *

Венгрияда Н. құрамасының бөлімдері Тисса өзенінің батыс жағалауындағы Токай қыстағын алды. Бөлімшелеріміз табысты дамыта отырып, Токай тауында гитлершілдерді талқандады, сөйтіп қатты ұрыстан кейін Тарцал темір жол станциясы мен қыстағын алды. Екінші бір учас-

кеде дұшпанның екі поли жаяу әскерлері қарсы атақаға шықты. Совет жаяу әскерлері мен артиллерияшылары жауға қарсы нәсерлете оқ атты. Немістердің қатарында абыржушылық етек алды. Дәл осы кезде жауынгерлеріміз гитлершілдерге екі жақ қанаттан соққы беріп, оларды жері шегінуге душар етті. Бұл ұрыста жаудың бір батальондай жаяу әскерлері жойылды.

Бомбашыларымыз бен штурмашыларымыз дұшпанның әскер сапы мен оның майдан шебіне қарай келе жатқан әскерлеріне соққы беруде болды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен немістердің 14 самолеті атып түсірілді.

* * *

Венгрлердің 1-танк дивизиясының Қызыл Армия жағына шыққан штаб бастығы бас штаб капитаны Палффи мынаны мәлімдеді: «Совет әскерлерінің оңтүстік-шығыс жақтан қауырт алға басуы венгрлер үшін де, немістер үшін де кенеттен болған оқайға болды. Орыстар Румыния мен Трансильвания тауларынан соншалықты тез өтеді деп ешкім ойламаған еді. Неміс және венгр әскерлері бұл ұрыстарда ауыр жеңіліске ұшырады. Венгрлердің 3-армиясының командирі генерал-лейтенант Гайслер жақын арада былай деді: «Венгрияның тағдыры Дебрецен ауданында шешілді. Енді Венгрияның жағдайы мүшкіл халге айналды. Гайслердің ұлты—неміс. Ол Венгрияның соғыста ұтылғандығын жақсы түсінеді, алайда ол венгр солдаттарын өлімге айдап салып жүр. Гайслер сыяқтылар Венгрияда аз емес. Венгрияның соғыс министрлігі мен венгр армиясының бас штабын Бергер деген неміс басқарып отыр. Венгрлердің 1, 2 және 3-армияларының қолбасшылары—немістер. Барлық венгр әскерлеріне басшылық етуді неміс генерал-полковнигі Фризнер жүзеге асырады. Елдегі барлық өкмет орындары Гитлердің Венгриядағы жеңдеті Везенмайерге бағынады. Венгр әскерлері мүлде әлсіреді. Солдаттар мен офицерлердің еңсесі түсіпті. Соңғы оқайғалар менің көз қарасымды өзгертуге мәжбүр етті. Мен Венгрия немістерден қол үзуге тиіс және совет әскерлеріне қарсы бұл мағнасыз қарсылықты тоқтату керек деген қортындыға келдім».

Жоспардан тыс 420 мың сомның бұйымын өндірмек

Петропавлдағы нан комбинаты 20 ноябрьға дейін жылдық өндіріс жоспарын толық орындады. Комбинат коллективі Магнитогордың Сталин атындағы Ленин орденді металлургия комбинаты мен Кузнецкийдің Сталин атындағы Ленин орденді комбинаты коллективтерінің үндеуін зор ықласпен талқылады. Комбинат жұмысшылары үндеуге жауап ретінде 1-декабрьға дейін жоспардан тыс 50 мың сомның бұйымын, ал жыл аяғына дейін 420 мың сомның бұйымын өндіруге бір ауыздан уәде берді.

Қазір де комбинат жұмысшылары өздерінің бұл міндеттемелерін мінсіз орындау үшін күш-қайрат жұмсауда. Попова жолдастың басқаруындағы бригада жылдық жоспарын едәуір артығымен орындап, жоспардан тыс көптеген бұйым өндірді. Шляхина жолдастың басқаруындағы бригаданың мүшелері қажірлі жұмыс істеп, тапсырманы үнемі 150 процент орындауға жетісті.

Е. МАЛАЕВ.

ЖОСПАРДАН ТЫС ТЕМЕКІ ӨНДІРДІ

Сталин жолдастың тарихи баяндамасымен жігерленген Петропавлдағы темекі фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері жылдық өндіріс жоспарын мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс көптеген бұйым өндіруге міндеттеме алған болатын. Фабрика коллективі қазір өздерінің бұл міндеттемелерін аброймен орындау үшін күресуде.

Жұмысшылардың қажірлі еңбек істеуі нәтижесінде фабрика ноябрь айының өндірістік жоспарын мерзімінен 10 күн бұрын орындап, қазірдің өзінде жоспардан тыс көптеген темекі өндірді.

Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВА.

АЛДЫҒЫ КАТАРЛЫ АРТЕЛЬ

Петропавлдағы «Екпінді» қолөнершілер артелінің жұмысшылары Қызыл Армияның дақты жеңістеріне өндірістік зор табыстарға жетумен жауап беруде. Коллектив ноябрь айының өндірістік жоспарын мерзімінен 10 күн бұрын орындап, жоспардан тыс бұйым өндірді.

Хаярова жолдастың басқаруындағы комсомол-жастар бригадасы ноябрь айының 20 күндік жоспарын 150 процент орындады. Стахановшылар Айытова, Ганева, Бегішева және Гончарова жолдастар тапсырманы үнемі 250—300 процент орындап жүр.

Н. НҰРМАҒАМБЕТОВА.

Сталин жолдастың баяндамасына арналған фильм

Документті фильмдердің Орталық студиясында, еңбекшілер депутаттары Москва Советінің Москва қаласының партия, жоғары ұйымдарымен басқосқан 1944 жылғы 6 ноябрьдегі салтанатты мәжілісінде Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Председателі И. В. Сталин жолдастың жасаған баяндамасына арналған арнаулы фильм түсіріліп болды.

Фильм Отанымыздың астанасы—Москваның Улы Октябрь социалистік революциясының XXVII жылдық мерекесі қарсаңындағы сипатын көрсетуден басталады. Бұдан кейін, зрительдерге салтанатты мәжіліске қатысушылар жыйналып жатқан Кремль сарайының Үлкен залы көрсетіледі. Мұнда өздерінің майдандағы ерлік істерімен және ел ішінде істеген жанқиярлық еңбегімен жауды жеңу ісін шыңдап жатқан еңбекшілердің өкілдері жыйналды. Мәжіліске қатысушылардың арасында—

Жеке меншіктен 82 пұт астық тапсырды

Жуырда Булаев ауданындағы Чистов астық совхозының тракторшылары мен комбайншыларының мәслихаты болып өтті. Онда кемеңгер көсеміміздің тарихи баяндамасы және кировшілердің Қызыл Армия қорына жеке меншіктен астық тапсыру жөніндегі хаты талқыланды. Тракторшылар мен комбайншылар көсеміміздің ел еңбекшілерінің жанқиярлық еңбегіне зор баға беруімен жігерленіп, Киров колхозы колхозшыларының игілікті бастамасын ықыласпен қолдайтындықтарын білдірді.

Комбайншы Платошников жолдас жеңіс қорына жеке меншігінен 8 пұт астық тапсырып, комбайншы Хреб жолдасты социалистік жарысқа шақырды. Хреб жолдас бұл шақыруды қошеметпен қарсы алып, жеңіс қорына 9 пұт астық берді.

Комбайншы Платошников жолдас жеңіс қорына 7 пұт, жас тракторшы Помозанова жолдас 6 пұт, отан соғысының мүгедегі, комбайншы Колодкин жолдас 7 пұт, отан соғысының мүгедегі, комбайншы Пилипчук жолдас 8 пұт астық берді. Шарик, Рубан, Димитров және Акуленко жолдас тар да жеңіс қорын молайтуға белсене қатынасып, бұл қорға еңбекпен тапқан астықтарынан мол үлес қосты.

Жеңіс қорына жеке меншіктен астық тапсырудың бірінші күні 11 адам 82 пұт астық берді.

Меншікті қордан Қызыл Армия қорына астық өткізу жұмысы қызу жүргізіліп жатыр.

Е. ЗДОРЬЕВ,

Совхоз партия ұйымының секретарі.

Комсомол мүшелері үлгі көрсетуде

Чапаев атындағы колхоз (Октябрь ауданы) ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді. Мұнда быйыл астық дайындау жоспары мерзімінен бұрын толық орындалды. Советтік Украина егіншілерінің үлгісі бойынша, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 300 пұт астық тапсырылды.

Егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарында комсомол мүшелері мен жастар колхозшыларға зор көмек көрсетті. Б. Бектуров, Қ. Хамзин, Н. Кабдуллин және Р. Садуақасов жолдастар астық тасуда күндіз-түні бірдей қажірлі жұмыс

істеп, колхозды ауылдың тандаулылары қатарына қосылды.

Қазір комсомол мүшелері астық бастыруда жұмыс істеп жүр. Бұл жұмыста олар тынбастан еңбек істейді. Олардың мақсаты—Конституция күні—5 декабрьға дейін астық бастыру жұмысының толық аяқталуын қамтамасыз ету болып отыр.

Н. ЖҰСЫПОВ.

Колхоздағы бастауыш комсомол ұйымының секретарі.

САПАЛЫ ТҰҚЫМ ҚОРЫ ЖАСАЛСЫН

Ленин атындағы колхоз (Соколов ауданы) соңғы жылдары егіннен өнімді аз алып, мемлекетке борышты болып келеді. Мұның басты себептері—колхоз басшылары егіс тұқымы үшін жеткілікті түрде қамқорлық жасамайды.

Алайда, колхоз басшылары өткен жылғы бұл кемшіліктен әлі де тиісті қорытынды жасамай отыр. Колхозда келесі жылдың егісі үшін жеткілікті тұқым қоры жасалмады. Тұқым кую жоспары 58 процент ғана орындалды. Мұның өзі де тазартылмай, шығымдылығы тексерілмей жа-

тыр. Ал бір неше колхозшы колхоз жұмысына қатыспай, өз шаруашылығымен ғана шұғылданып жүр. Колхоз председателі Иванова жолдас тұқым кую ісін кезекке қойып отыр.

Тұқым куюға бұлай жауапсыз қарау төзбестік іс. Келесі жылдың егісіне сапалы тұқым әзірлеу—егіннен мол өнім алудың негізгі шарты екенін түсінетін мезгіл жетті. Сондықтан егіс тұқымын тыңғылықты әзірлеуге колхоздағы бар күш-мүмкіншілікті толық пайдалану керек.

Н. ХАМИДУЛЛИН.

Мемлекетпен толық есеп айырысты

Ленин ауданындағы «Мәдениет» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері ет, сүт, жүн тағы басқа шикі зат тапсыру жөнінде мемлекетпен толық есеп айырысты.

Жуырда колхозшылар келесі жылдың есебіне 66 центнер ет тапсырды. Бұл жылдық тапсырманың 34 проценті.

(Өз тілшімізден).

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 23 ноябрь. (ТАСС). Одақтас тарап батыс Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген:

Венг секторында (Голландияда) одақтастар әскерлері алға басуда болды. Одақтастар әскерлері Масбредті алып, Венлодан ең кем дегенде 4 миль жерде тұр. Румонданың батыс жағында одақтастар әскерлері қала маңында Маас өзеніне жетті.

Геймкирхен секторында (Германияда) одақтастар әскерлері Роер өзеніне қарай алға басып, Гофиды алды.

Швейлердің солтүстік-шығыс жағындағы ауданда (Германияда) Лан пунктінде ұрыстар болып жатыр. Эшвейлер душпаннан тазартылды.

Тионвильдің солтүстік-шығыс жағында (Францияда) одақтастардың бронетанк бөлімдері Германия жерінде Оунсуорф ауданында батысқа қарай алға басуда.

Мең душпаннан толық тазартылды. Алайда душпанның кейбір әскер бөлімдерінің қалдықтары қарсылық көрсетуде. Халькенбергтің солтүстік жағында одақтастар әскерлері Рорбахқа, Ангвейлер мен Биспингаға (Лотарингияға) жетті.

Одақтастар әскерлері Эльзастың төменгі шеніндегі жазықтыққа кіріп, Страсбург пен Рейннен 20 миль жерде тұр. Савери алынды. Одақтастар әскерлері Сен-дьеге кірді. Одақтастардың әскер бөлімдері Мерт өзенінен шығысқа қарай едәуір алға басты.

Бельфор ауданында душпанның қатты қарсы атакалары тойтарылды. Бельфордың едәуір бөлігі жаудан тазартылды. Мюлез азат етілді.

Ауа райының нашар болуы авиацияның қыймыл жасауына кедергі болды.

ЛОНДОН, 23 ноябрь. (ТАСС). Одақтас тараптың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда Фаенцтың оңтүстік жағында 8-армияның бөлімдері едәуір алға басты. 5-армияға қараған Индия бөлімдері Модильяна қаласының солтүстік жағында бірнеше маңызды биікті алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Ауыр бомбашылардың ірі құрамалары истребительдерді ертіп шығып, 22 ноябрьда жаудың Мюнхен ауданындағы соғыс орындарына және Оңтүстік Германиядағы Австрия мен Солтүстік Италиядағы темір жол станцияларына шабуыл жасады.

Өткен түнде ағылшын бомбашылары Венгриядағы темір жол орындарына шабуыл жасады.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

Петропавлдағы мал дөрігерлерін дайындайтын техникум 1 және 2-курсарға оқушылар қабылдайды. 1-курсқа орта мектептің 7-класын өте жақсы бітіргендер мен 8-класын бітіргендер емтихансыз қабылданады. Басқа оқушылар сынан өтеді. Дайындық курсы 5-6 кластық білімі бар қазақтар емтихансыз қабылданады. Студенттер стипендия және асханамен қамтамасыз етіледі.

Оқуға кіремін деушілердің техникумға білімі және туған жылды туралы куәлік, ден саулығы жөнінде анықтама, 2 фото суретін жіберулері керек. Өтініштер 1 январьға дейін қабылданады.

Техникумнің адресі: Петропавл қаласы, Куйбышев көшесі, 40-үй (ой қала).

«Октябрь» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын «МЕРЕКЕ» және «ДОСТАР»

27 ноябрьден бастап «ДЖУНГЛИ» деген түсті көркем фильм көрсетіледі.

Сеанстар 4—6—8—10-да басталады. Каса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.

Күндізгі сеанстарға балалар ұйымдасқан түрде ғана жіберіледі.